

КӨРКЕМ ЕҢБЕК

(ҰЛ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН НҰСҚА)

Негізгі орта білім беру деңгейінің 8-сынып
оқушыларына арналған оқулық

Шартты белгілер



– сабақтың мақсаты



– жаңа білім, теориялық материалдар



– зерттеу және талдау



– жеке жұмыс



– топтық жұмыс



– АКТ және ЖИ-ді қолдану



– қол еңбегі және станокта жұмыс жасау



– сұрақ-жауап



– қауіпсіздік ережелері және ескертулер



– бейнематериалдар

АЛҒЫ СӨЗ

Қымбатты оқушы!

Сен көркем еңбек оқулығы арқылы танымыңды кеңейтіп, жаңа білім мен дағдылар меңгеріп, оларды күнделікті өмірде қолдануды үйренесің. Оқулықтағы материалдар қарапайымнан күрделіне қарай жүйелі түрде берілген. Алдымен теориямен танысып, кейін оны практикада орындауға мүмкіндік аласың. Әр тақырыпқа өз бетіңше ойлануға, салыстыруға, талдауға және қорытынды жасауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар бар. Практикалық, жобалық және шығармашылық жұмыстар қамтылған. Бұл алған біліміңді тек сабақта ғана емес, күнделікті тұрмыста қолданатын боласың.

Оқулықта ұлттық құндылықтар мен мәдени дәстүрлер кеңінен қамтылған. Халықтық сәндік-қолданбалы өнер мен әдет ғұрыптар қазіргі заманмен байланыстыра қарастырылды. Бұл сенің өз мәдениетіңе деген құрметіңді арттырып, патриоттық сезіміңді қалыптастырады. Бұл оқулық сен үшін сенімді білім көзі болады деп ойлаймыз. Ол шығармашылық қабілетіңді ашуға, еңбеккорлыққа, өз ойыңды еркін білдіріп, қорғауға үйретеді. Әр жаңа сабақ саған жаңа мүмкіндіктер ашсын, ал әр тапсырма жетістікке жетудің бір қадамы болсын!

Құрметпен, авторлар

I БӨЛІМ

СӘНДІК-ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕР



Бұл бөлімде:

- ❧ Мозаика өнерінің тарихи дамуы мен мәнін түсінесің;
- ❧ Сәндік-қолданбалы өнердің жалпы құрылымында мозаиканың алатын орнын анықтайсың және оның мәдениет пен дизайн саласына ықпалын сипаттай аласың;
- ❧ Әр әдістің көркемдік ерекшелігін, қолданылатын материалдар мен құралдардың айырмашылығын талдай білесің;
- ❧ Табиғи және жасанды материалдардың қасиеттерін салыстырып, оларды қауіпсіздік талаптарына сәйкес таңдау жасайсың;
- ❧ Нобай мен композицияны құрастырудың негізгі қағидаларын меңгересің;
- ❧ Мозаикалық панноның түс шешімі мен ырғақтық құрылымын талдау және түстердің өзара әсерін және көркем бейнелеу заңдылықтарын тәжірибе жүзінде қолданасың;
- ❧ Жұмыс негізін дайындау мен элементтерді орналастырудың реттілігін орындайсың;
- ❧ Материалдарды бекіту, жапсыру немесе орнату кезінде технологиялық ережелер мен қауіпсіздік талаптарын сақтауды үйренесің;
- ❧ Дайын жұмыстың көркемдік және техникалық сапасын бағалап, өнер мен технологияны біріктіре отырып, заманауи көркемдік шешім ұсынасың және өз-өзіңді жетілдіресің.





Бүгінгі сабақта:

- пәндік терминологияны қолдана отырып, суретшілердің, жұмыстарын талдау және бағалау критерийлерін пайдалану арқылы олардың идеяларын түсінуді үйренесің;
- критерийлерді қолданып, шығармашылық жұмыстың сапасын, әдіс-тәсілдерін бағалайсың.



Мозаика – сәндік-қолданбалы өнердің бір түрі. Бұл – шағын түсті элементтерден өрнек құрастыру арқылы көркем бейне жасау әдісі. Бастапқыда мозаика архитектуралық құрылымдарды – қабырға, еден және ғимарат күмбездерін әшекейлеу үшін қолданылған. Уақыт өте келе мозаика дербес сәндік-қолданбалы өнер түріне айналды.



1-сурет. Исса шайқасындағы
Александр Македонский




2-сурет. Антонио Гауди,
Гуэль саябағы

Мозаика өнері ғасырлар бойы дамып, әр дәуірдің мәдениеті мен архитектурасын көрсетіп отырды (1-кесте).

1-кесте


Период	Ерекшеліктері	Қайда қолданылған
Ежелгі Рим	Тас және мәрмәр элементтері, өрнектер мен сюжеттер	Вилла едендері, моншалар
Византия	Жарқын түстер, сәндік фон	Шіркеулер, күмбездер
Қазіргі заман	Өртүрлі материалдар, жаңа технологиялар	Интерьерлер, қоғамдық кеңістіктер



3-сурет. Рим мозаикасы




4-сурет. Венециядағы алтын мозаикалар




5-сурет. Ник Кейвтің мозаикалары

Орталық Азия мен Қазақстандағы мозаика. Орталық Азияда мозаикамен сарай, мавзолей және медреселерді безендірді (6 және 7-суреттер).


Қазақстанда мозаика XX ғасырда кеңінен дамып, қоғамдық ғимараттар мен кеңістіктерді көркемдеудің маңызды бөлігіне айналды. Бүгінде мозаика ұлттық өрнектерді заманауи дизайнмен үйлестіре отырып, архитектура мен интерьерде, сәндік паннолар мен арт-нысандар жасауда кеңінен қолданылады (8-сурет).



6-сурет. Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесі



7-сурет. Өзбекстандағы Тіллә-Кори медресесі



8-сурет. Панно. «Еңлік-Кебек». Алматы

Заманауи технологиялар, соның ішінде лазерлік кесу мен цифрлық нобай жобалау мозаика жасауды жеңілдетіп, сапасын арттырады (9-сурет).

Мозаиканың негізгі түрлері мен техникалары

1. Тегіс орналастырылған мозаика – элементтер бірқалыпты қатарларға орналасады.

2. Контурлық мозаика – элементтер бейненің формасын қайталайды.


3. Әртүрлі пішіндегі элементтерден жасалған мозаика – бейне пазл сияқты құрастырылады.

4. Қабырғаға арналған сәндік мозаика – ғимараттардың қабырғалары мен фасадтарында қолданылады (10,11-суреттер).

5. Еркін (авторлық) мозаика – элементтер еркін орналастырылады.



9-сурет. Қолөнер үшін лазерлік кесу мозаикасы



10-сурет. Мозаикамен қоршау мен ауланы әрлеу



11-сурет. Сәндік тастардан жасалған мозаика

ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫС

Мозаикалық композицияны жасау кезеңдерімен танысу.

Негізгі кезең:

Жұмыстың кезеңдерін сақтау маңызды (*тақырып таңдау, нобай жасау, материал таңдау, элементтерді нобай бойынша орналастыру, әрлеуді аяқтау*), өйткені ол жұмысты ретімен, қатесіз және ұқыпты орындауға көмектеседі, идеяны толық жүзеге асырып, сапаны бағалауды жеңілдетеді.

Негізгі бағалау критерийлері. Мозаиканы бағалау жұмыстың тек сыртқы көрінісін ғана емес, оның сапасын анықтауға көмектесетін критерийлерге негізделеді (2-кесте).

2-кесте

№	Критерий	Неге назар аудару керек?
1.	Техника таңдау	Таңдалған мозаика түрі жұмысқа сәйкес келе ме?
2.	Материалдар	Материалдар дұрыс таңдалған ба?
3.	Кезеңдер	Жұмыс кезеңдері сақталған ба?
4.	Ұқыптылық	Элементтер дұрыс орналастырылған ба?
5.	Біртұтастық	Жұмыс біртұтас болып көріне ме?



Мозаиканы жасау кезеңдерінің тізбесін құрастыр.



Түрлі тарихи кезеңдердегі мозаикаларды салыстыр.



1. Мозаика деген не?
2. Мозаика қайда қолданылады?
3. Мозаика жасау үшін қандай материалдар қолданылады?
4. Мозаиканың негізгі түрлерін ата.
5. Неліктен жұмыстың кезеңдерін сақтау маңызды?

Мозаикалық панноға арналған негіз дайындау. Нобай және материалды таңдау

§2–3



Бүгінгі сабақта:

- мозаикалық панноның нобайын әртүрлі графикалық тәсілдерді қолданып жасайсың;
- ақпараттық-коммуникативтік технологияны қолданып, мозаикалық панноға арналған технологиялық құжаттарды дайындайсың.



Нобай – бұл болашақ жұмысты жоспарлауға көмектесетін алдын ала салынған сурет. Нобай арқылы панноның пішіні, композициясы, элементтердің орналасуы және түстер шешімі анықталады.

Нобай жасау жұмыстың маңызды кезеңі, өйткені ол идеяны ойластыруға, үйлесімді түстерді таңдауға және болашақ панноның өлшемдерін анықтауға мүмкіндік береді. Нобай дайын жұмыстың нәтижесін көз алдына елестетіп, мозаиканы орындау барысында қателіктерді болдырмауға көмектеседі.

Мозаикалық панно нобайын орындау кезеңдері



Мозаикалық панноның нобайлары әртүрлі нұсқада орындалуы мүмкін: геометриялық, ою-өрнектік, сюжеттік, абстрактілі немесе торкөз графикасында. Нобай түрін таңдау жұмыс идеясына, қолданылатын материалдарға және орындау жағдайына байланысты.

Осылайша, нобай мозаикалық панномен жұмыс істеудің негізі болып табылады және композицияның бірізділігін, ұқыптылығын және тұтастығын қамтамасыз етеді.

Мозаикалық панно нобайларының түрлері

- Геометриялық нобай – қарапайым геометриялық пішіндерге негізделеді және алғашқы жұмыстарға қолайлы.
- Ою-өрнектік нобай – қайталанатын сәндік немесе ұлттық өрнектерден тұрады.
- Өсімдік бейнелі нобай – табиғат элементтерін бейнелейді және ырғақ пен түсті сезінуді дамытады.
- Зооморфтық эскиз – жануарлар бейнесін ықшамдалған түрде береді.
- Символдық нобай – сәндік композициялар үшін белгілерді, әріптерді немесе эмблемаларды қамтиды.
- Сюжеттік нобай – ірілендірілген элементтері бар қарапайым сюжетті көрсетеді.
- Абстрактілі нобай – нақты бейнесіз пішіндер мен түстерден құралады.
- Торкөз графикасындағы нобай – композицияны нақты жоспарлау үшін торкөз қағазда орындалады.

Технологиялық құжаттамасының бір бөлігі-эскиз.

Технологиялық құжаттама – бұл өнімнің қандай материалдардан және қандай тәртіппен жасалатынын сипаттайтын графикалық және мәтіндік материалдардың жиынтығы.


Мозаикалық панно жасау барысында технологиялық құжаттама келесі мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді:

- жұмыс процесін алдын ала жоспарлау;
- материалдар мен құралдарды дұрыс таңдау;
- кезеңдердің ретін сақтау;
- дайын өнімнің ұқыптылығын және сапасын қамтамасыз ету;
- нәтижені объективті бағалау.

Панноға негіз дайындау

Нобай орындалғаннан кейін мозаикалық панноға негіз дайындалады (*1-сурет*). Негіз ретінде жұмыстың беріктігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ететін қатты және тегіс материалдар қолданылады.

Ең көп қолданылатын негіздер: картон, фанера, қатты пластик, ағаш талшықты тақта (ДВП) (*2-сурет*).



1-сурет. Бұйым нобайы



2-сурет. Бұйым негізі

Мозаика жасау үшін әртүрлі материалдар қолданылады. Ең кең тарағаны – **шыны мен смальта (3-сурет)**. Олар ылғалға, температура өзгерісіне төзімді және түстері алуан түрлі болғандықтан бассейндерде, ванналарда және ас үй фартуктарында қолдануға

Керамика мен металл (4-сурет) – керамика берік, ылғалға төзімді, еден мен қабырғаға пайдалануға болады.

Мәрмәр мен гранит (5-сурет) – сәнді көрініс береді, оникс жарық өткізеді, гранит сыртқы жұмыстарға төзімді.

Акрил мен пластик (6-сурет) – жеңіл, берік, өндеуге оңай, сәндік панноларға қолайлы.


Ерекше текстуралы сәндік бұйымдар үшін тас қиыршығы, қабыршақ, ағаш пайдаланылады.

Таңдалған материалдардың түсі, текстурасы және жарықты шағылыстыру қасиеті композицияның көркемдік қабылдануына әсер етеді.

Мектеп шеберханасында қолданылатын **материалдар**. Мектеп жағдайында жұмыс істеуге ыңғайлы, қауіпсіз және қолжетімді материалдар пайдаланылады. Бұл шығармашылық қабілеттерді дамытуға ықпал етеді.




3-сурет. Шыны мен смальта



4-сурет. Керамика мен металл



5-сурет. Мәрмәр мен гранит



6-сурет. Акрил мен пластик

Қолайлы материалдар:

- түрлі түсті қағаз және картон;
- тығыз қаптамалық картон;
- фоамиран;
- фетр;
- қайта өңделген пластик.

Элементтерді бекіту үшін ПВА желімі немесе желім-қарындаш қолданылады.


Жұмыс кезеңдерінің өзара байланысы

Негізді дайындау, нобай жасау және материал таңдау – бір-бірімен тығыз байланысты үдеріс. Әр кезең алдыңғы кезеңді толықтырып, жұмыстың сапасына әсер етеді.

Кезеңдердің реттілігін сақтау:

- жұмысты тиімді ұйымдастыруға;
- қателіктерден сақтануға;
- композицияның ұқыптылығы мен тұтастығына қол жеткізуге;
- мозаикалық панноның көркемдік мәнерлілігін арттыруға мүмкіндік береді.

ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫС



Нобайды орындау үшін мозаикалық композицияны жоспарлаудың ең көрнекі әрі қолжетімді тәсілі ретінде **пиксель-арт**¹ стиліндегі торкөзді графика қолданылады. Бұл тәсіл болашақ панноның элементтерінің орналасуын, шешімін және құрылымын нақты анықтауға мүмкіндік береді. Бөлек ұяшықтардан тұратын бейне құрастыру принципі мозаика технологиясына сәйкес келеді және композицияны жоспарлауды жеңілдетеді. Нобайға сәйкес фоамиран және басқа да ұқсас материалдардан элементтер торкөз пішіні бойынша қиылып, картон негізге ретімен орналас-тырылады, бұл жұмыстың ұқыпты орындалуын және композициялық ойдың сақта-луын қамтамасыз етеді.

¹ **Пиксель-арт** – сандық өнердің бір түрі, онда бейне әрбір жеке пикселді орналас-тыру арқылы жасалады. Мысалы, **Mario, Sonic** сияқты ойындардағы бейнелер.

Пиксель-арт стиліндегі нобайды орындау реттілігі

1. **Бейнені контурлау.** Торкөз қағазда қарындашпен болашақ бейненің контуры сызылады. Контур торкөздер бойынша орындалады, боялмайды.
 2. **Пішінді нақтылау және негізгі элементтерді белгілеу.** Контур айқындалып, элементтердің пішіні анықталады. Әртүрлі түспен боялатын аймақтар белгіленеді.
 3. **Түспен ішінара бояу.** Негізгі түсті аймақтар біртіндеп боялады. 2–3 үйлесімді түс пайдаланылады.
 4. **Толық бояу және аяқтау.** Барлық торкөздер нобайға сәйкес боялады, түстер нақтыланады, жұмыс ұқыптылығы тексеріледі.
- Дайын нобай фоамиран немесе басқа материалдардан мозаикалық панноны картон негізінде орындау үшін үлгі ретінде қолданылады.



Қолда бар материалдардан мозаикалық панно орындау (QR кодты сканерлеп, үлгіні жүктеп ал).

1-кезең. Мозаикалық элементтерді дайындау

Фоамираннан бірдей пішіндегі ұсақ элементтер қиылады. Дайын элементтер түстеріне қарай жеке ыдыстарға бөлінеді.





Дайындалған бөлшектер түстер бойынша сұрыпталып, жеке қораптарға немесе контейнерлерге орналастырылады. Мұндай жұмыс ұйымдастыру түстерді ыңғайлы таңдап алуға және жұмыс орнында тәртіпті сақтауға мүмкіндік береді.

2-кезең. Сызықтық нобай орындау

Қағазда немесе картон негізінде қарындашпен мозаикалық өрнектің сызықтық нобайы орындалады. Нобай тегіс сызықтар мен қайталанатын пішіндерден тұрады, олар мозаикалық элементтердің орналасуын және бағыттарын анықтайды.

3-кезең. Мозаиканы құрастыру

Нобай сызықтары бойынша элементтер біртіндеп желімделеді. Түстердің реті мен өрнек пішіні сақталады. Элементтер бір-біріне тығыз орналастырылады, сонда бейне анық әрі әдемі болады.



4-кезең. Мозаикалық панноны аяқтау

Барлық бет толтырылғаннан кейін жұмыс тексеріліп, қажет болған жағдайда түзетулер енгізіледі. Панно дайын күйге келеді. Нәтижесінде картон негізінде айқын өрнегі мен үйлесімді түстер шешімі бар сәндік мозаикалық панно жасалады.

Жұмысты ретімен орындау нәтижесінде картон негізінде айқын ою-өрнегі бар, түстері үйлесімді сәндік мозаикалық панно жасалады.

Қолданылатын құралдар мен материалдар

- картон негіз;
- түрлі түсті фоамиран;
- қайшы;
- ПВА желімі немесе желім-қарындаш;
- қарапайым қарындаш;
- сызғыш;
- желім қалдықтарын кетіруге арналған майлық;
- элементтерді сұрыптауға арналған ыдыстар.



- Жұмысты таза әрі жақсы жарықтандырылған жерде орында.
- Қайшы немесе үшкір заттарды мақсатына сай қолдан.
- Элементтерді ұқыпты қиып ал, оқыс қимыл жасама.
- Желімді мөлшерімен ұқыпты қолдан, денеңе тигізбе, киіміңді бүлдірме.
- Құралды тым өзіңе жақын ұстама, жұмыс кезінде алаңдама.
- Жұмыс соңында құрал жабдықтарды орнына қой.




Мозаикалық үлгі жасау. Цифрлық құралдардың (графикалық редакторлар немесе дайын шаблондар) көмегімен мозаикалық үлгі жаса (7-сурет). Алынған үлгіні нобай немесе мозаикалық панно орындау кезінде бағдар ретінде пайдалан.

Ескерту: жасанды интеллектті қолдану мұғалімнің ұсынысы бойынша және техникалық мүмкіндік болған жағдайда жүзеге асырылады.



Жұмыс үдерісінде:

- стильдің ерекшеліктерін зертте;
- композициялық және палитралық шешімді талқыла;
- графикалық және технологиялық құжаттаманы әзірле (нобай, орындалу реттілігі, материалдарды таңдау).



7-сурет. Инди кид (Indie Kid²) стилінде жасалған жұмыс үлгісі

² Indie Kid – жарқын түс, көңілді пішін және еркіндікке негізделген заманауи жастар стилі.

Қажетті материалдар:

А3 немесе А2 форматтағы қағаз, түрлі түсті қағаз немесе фетр, қайшы, желім, маркерлер, сызғыш.

Жұмыс нәтижесі:

- топтық мозаикалық нобай және идеяны қысқаша ауызша таныстыру;
- тапсырма зерттеу дағдыларын, талқылау және шығармашылық жұмысты ұсыну қабілеттерін дамытуға бағытталған;
- дайын нобайды мозаикалық панноны әрі қарай жасау үшін негіз ретінде көрсету.

Тапсырма зерттеу дағдыларын, шығармашылық жұмысты талқылау, жоспарлау және ұсыну дағдыларын дамытуға, сондай-ақ графикалық және технологиялық құжаттаманы әзірлеу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.



1. Нобай дегеніміз не және ол мозаикалық панно жасау барысында қандай рөл атқарады?
2. Мозаикалық панно нобайларының қандай түрлерін білесің және олардың ерекшелігі неде?
3. Мектеп шеберханасында мозаика жасау үшін қандай материалдарды қолдануға болады?
4. Мозаикалық панноны орындау кезінде кезеңдердің реттілігін сақтау неліктен маңызды?
5. Мозаика нобайын жасау үшін торкөз графикасын (пиксель-арт) қолданудың артықшылығы неде?
6. Цифрлық технологиялар (АКТ, ЖИ) мозаикалық панноны жоспарлау мен орындауға қалай көмектеседі?

§4–7 Мозаика панносын орындау



Бүгінгі сабақта:

- мозаикалық панно жасау үшін әртүрлі материалдар мен технологияларды өзін таңдайсың және біріктіресің;
- өз идеяң мен сезіміңді жеткізу үшін көркем құралдарды қолданасың.




Панно – бұл қабырға немесе басқа беттерді безендіру үшін арналған сәндік көркем сурет. Панно әртүрлі техникада орындалуы мүмкін: мозаика, аппликация, живопись, текстиль, рельеф және басқа да әдістермен. Ол толыққанды композицияға, форма мен тақырыпта жасалады.

Мозаикалық панно жасау. Мозаикалық панно әртүрлі түстер мен пішіндерден тұратын шағын элементтерден жасалады. Жұмыс орындау кезінде материалдарды және оларды біріктіру әдістерін өз бетіңше таңдау, сондай-ақ болашақ композицияның идеясын ойластыру өте маңызды. Мозаиканы қолжетімді және қайта өңдеуге болатын материалдардан жасауға болады. Олардың үйлесімі жұмысты қызықты әрі әсерлі етеді.

Жоспарлау кезеңінде идеялар мен түстерді таңдауда сандық құралдарды қолдануға болады. Мозаикалық панно жасау шығармашылық ойлау, ұқыптылық және өз идеяларын көркем құралдармен жеткізу қабілетін дамытады.

Өз идеясы мен көңіл күйін жеткізу үшін түстер, пішіндер мен композициялар қолданылады. Жарқын және жылы түстер қуаныш пен мерекелік көңіл күй тудырса, ал тыныш және салқын түстер – тыныштық пен жайлылықты білдіреді.



1-сурет. Табиғи материалдардан жасалған мозаика

Материалдарды, техникаларды және түстерді өз бетіңше таңдау шығармашылық жұмыс арқылы өз ойы мен сезімін білдіруге, ойындағы панноны жасауға көмектеседі.

Табиғи материалдардан жасалған мозаика. Мозаиканы жасау үшін бұршақ, күріш, жүгері, тары, кофе дөңдері, кептірілген жапырақтар және ұсақ тастар пайдаланылады. Бұл табиғи материалдар табиғат, жануарлардың суреттері мен ұлттық ою-өрнектерді

жасауға мүмкіндік береді, табиғи түстер мен текстура арқылы форма мен бейнені жеткізеді (1-сурет).

Текстильді мозаика. Текстильді мозаика фильц, матаның кесінділері, түймелер және жіптерден жасалады. Ол сәндік композициялар, киімдердегі ою-өрнектер, сондай-ақ табиғат пен гүлдер әлемімен байланысты сюжеттерді жасау үшін қолданылады (2-сурет).

Қайта өңделген материалдардан жасалған мозаика. Бұл техникада қайта өңделген материалдар полистирол – ланч-қораптар, сондай-ақ пластикалық бөтелкелер мен қақпақтар қолданылады. Мұндай мозаика үлкен топтық панноларды жасауға, мысалы, мектеп эмблемасын, тақырыптық композицияларды немесе мектеп кеңістігінің сәндік безендіруге қолайлы (3-сурет).

Аралас материалдардан жасалған мозаика. Бір жұмыста әртүрлі материалдарды үйлестіріп, түрлі текстура мен түске ие мозаика жасауға болады. Мұндай паннолар жиі тақырыптық сюжеттер бойынша орындалады, мысалы, «Менің Қазақстаным», «Наурыз», «Тәуелсіздік күні» және басқа мерекелік тақырыптар (4-сурет).



2-сурет. Текстильді
мозаика



3-сурет. Қайта өңделген
материалдардан
жасалған мозаика



4-сурет. Аралас
материалдардан
жасалған мозаика

Қауіпсіз жұмыс ортасы. Мозаикалық панно жасау кезінде материалдар және құралдармен қауіпсіз жұмыс істеу ережелерін сақтау маңызды. Қауіпсіз жұмыс ортасы денсаулықты сақтау мен сапалы нәтижеге қол жеткізуге көмектеседі.

Негізгі техникалық қауіпсіздік ережелері

- Жұмыс орны таза және жақсы жарықтандырылған болуы керек.
- Қайшы мен желімді дұрыс пайдалан.

- Материалды кескенде абай бол.
- Құрал-жабдықтарды өзіңе тым жақын ұстама.
- Тек таза және құрғақ материалдарды пайдалан.
- Жұмыс кезінде материалдарды қыздырмай, балқытпай және өртемей пайдалан.
- Қалың, қатты материалдармен жұмысты мұғалімнің бақылауымен орында.
- Жұмыс аяқталғаннан кейін жұмыс орныңды ретке келтір.

Қолданылатын материалдар мен құралдар: картон немесе пастельді қағаз негізі, полистиролдан жасалған ланч-қорап, гуашь немесе акрил бояулары, қылқалам, қайшы, ПВА желімі, қарындаш, майлық, пинцет (мүмкіндік болса).



5-сурет.
Құрал-жабдықтар

Материалдарды қауіпсіз пайдалану:

- Табиғи және текстильді материалдармен ұқыпты жұмыс істеу;
- Қайта өңделген материалдарды (полистирол) кесу, бояу және желімдеу;
- Жұмыс аяқталғаннан кейін жұмыс орнын ретке келтіріп, қолды жуу қажет.
- Бұл ережелерді сақтау қауіпсіз жұмыс ортасын құрып, шығармашылыққа толықтай көңіл бөлуге мүмкіндік береді.

Полистирол материалы:

- жеңіл және жұмыста ыңғайлы;
- кесу мен желімдеуде қауіпсіз;
- жақсы боялады және желімді жақсы ұстайды;
- көлемді мозаикалық элементтер жасауға мүмкіндік береді;
- жұмыс істеуге ыңғайлы әрі қауіпсіз.

Мұндай материал мозаикалық панноны оңай және қауіпсіз орындауға көмектеседі және әсерлі нәтиже алуға мүмкіндік береді.

ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫС



Ланч-қораптардан (полистиролдан) мозаикалық панно жасау

Тақырыбы: «Көгершін – бейбітшілік пен достықтың символы»

Бұл жұмыс жеке немесе топпен орындалуы мүмкін. Жұмыс барысында мозаика техникасымен танысып, қайта өңделген полистиролдан жасалған ланч-қораптардан оның имитациясын жасайды.

Мозаикалық панно жасаудың кезеңдері:

1-кезең. Тақырыпты таңдау және негізді дайындау.

Жұмыстың тақырыбын анықта – «Көгершін – бейбітшілік пен достықтың символы». Түсті картон немесе тығыз пастельді қағаздың бетіне қарындашпен болашақ панноның контурлы суретін сыз. Сызылған сызықтар жіңішке әрі айқын болу керек.

2-кезең. Ланч-қорапты дайындау.

Ланч-қораптар бұрын қолданылған болса, оларды жуып, мұқият құрғатып ал. Дайындалған ланч-қораптар мозаикалық элементтер үшін негізгі материал болады.

3-кезең. Материалды бояу.



Ланч-қораптарды гуашь немесе акрил бояуларымен композицияға сәйкес түстерге боя. Бояу ланч-қораптың сыртқы жағына жағылуы керек. Боялғаннан кейін материалды толық кебуін күт.

4-кезең. Мозаикалық элементтерді кесу.

Бояу толық кепкеннен кейін ланч-қораптарды мұқият кішкентай текшелерге немесе тікбұрышты элементтерге кесіп ал. Элементтер неғұрлым біркелкі және тегіс болса, мозаика соғұрлым әдемі әрі әсерлі болады.

5-кезең. Алдын ала орналастыру.

Мозаикалық элементтерді сызылған контур бойынша желімсіз орналастыр. Бұл кезеңде түстердің орналасуы мен элементтердің бағыттары нақтыланады.





6-кезең. Мозаиканы жинау.

Элементтерді кезекпен суреттің контурынан бастап негізге жабыстыр. Жұмыс біртіндеп, бір бөліктен екінші бөлікке ауысып орындалады. Ыңғайлы болу үшін пинцетті қолдан.

7-кезең. Нақтылану және түзету.

- Барлық композиция толтырылғаннан кейін тексер:
- Элементтердің тығыз орналасуын;
- Түстер шешімінің идеяға сәйкестігін;
- Шеттерінің ұқыптылығын.

Қажет болса, артық детальдарды алып таста немесе элементтердің орналасуын түзет.


8-кезең. Жұмысты аяқтау

Дайын мозаикалық панно толық сәндік көрініс алады. Жұмыс бағалауға, көрсетуге немесе көрме үшін безендіруге дайын.

ПАЙДАЛЫ АҚПАРАТ

Мозаикалық панноның нобайын жасау кезінде сандық құралдар мен онлайн-ресурстарды қолдануға болады. Графикалық құрал ретінде Inkscape бағдарламасын қолдана аласың. Бұл ресми сайттан тегін жүктеуге болатын бағдарлама. Ол сызықтар, пішіндер мен түстерді пайдаланып, графикалық бейнелер мен нобайларды жасауға мүмкіндік береді.

Нобайды әзірлеу кезінде Pinterest сияқты тегін және қауіпсіз онлайн-платформаларды



www.inkscape.org

сілтеме
бойынша
бағдарламаны
тегін жүкте



қолдануға болады, сондай-ақ басқа ашық ресурстарды пайдалану рұқсат етіледі. Бұл платформалар мозаикалық композициялар, пішіндер мен түстердің үйлесімділігі идеясын, мысалдарын іздеу үшін қолданылады. Цифрлық құралдарды пайдалану міндетті емес, олар мүмкіндігіне қарай және мұғалімнің ұсынысымен жүзеге асырылады. Техникалық мүмкіндіктер болмаған жағдайда нобай қолмен қағазға жасалады.



«Қайта өңделген материалдардың экологиялық және эстетикалық маңызы» тақырыбында зерттеу жүргізіп, топта талқылаңдар:

- Шығармашылық жұмыстарда қандай қайта өңделген материалдарды қолдануға болады?
- Материалдарды қайта пайдалану экология үшін неге маңызды?
- Қайта өңделген материалдар қалай өнер туындысының бөлігіне айнала алады?
- Қорытынды жасап, жауабын дәптерге жазыңдар.



Мозаикаға арналған түстер шешімі. Топта жұмыс істей отырып, берілген тақырып бойынша композиция жасамай, мозаикаға арналған түстер шешімін таңдаңдар.

Жыл мезгілдері (көктем, жаз, күз, қыс) тақырыбына:

- Негізгі түстер гаммасын анықтаңдар.
- Контраст және акценттік түсті таңдаңдар.
- Түстер палитрасын рәсімдеңдер (қағаз бетінде түстердің үлгілері).
- Таңдаған түстердің көңіл күйге әсерін түсіндіріңдер.



1. Мозаикалық панно деген не және ол басқа сәндік өнер түрлерінен қалай ерекшеленеді?
2. Мозаикалық панно жасау үшін мектеп шеберханасында қандай материалдарды қолдануға болады?
3. Мозаика жасаған кезде түстер мен композицияны ойластыру неге маңызды?
4. Материалдар мен құралдармен жұмыс істегенде қандай қауіпсіздік ережелерін сақтау қажет?
5. Шығармашылық жұмыстарда қайта өңделген материалдарды қолданудың артықшылығы неде?
6. Мозаикалық панно жасаудың қандай кезеңдері бар және олардың ретін сақтаудың маңызы неде?



Бүгінгі сабақта:

- онлайн платформада (форумда, әлеуметтік желіде) өз жұмысыңды ұсынуды үйренесің;
- өз жұмысың туралы сенімді сөйлейсің және сұрақтарға жауап бересің.



Көркем туындыны орындау – шығармашылық үдерістің алғашқы кезеңі болса, оны көпшілік алдында ұсыну – шығармашылық жұмыстың маңызды қорытынды кезеңі. Көркемдеп безендіру және таныстыру жұмысы, өз идеяңды қорғау, талдау және талғаммен жеткізу қабілеттерін дамытады.

Мозаикалық панноны таныстыру барысында жұмыстың идеясын, композиция шешімін, түс үйлесімін және материал таңдау себептері түсіндіріледі. Бұл әрекет көркем ойлауды, эстетикалық сезімді және өнер туралы сыни пікір айту мәдениетін қалыптастырады.

Қазіргі цифрлық заманда көркем туындыларды тек дәстүрлі көрмелерде емес, **онлайн платформаларда** жариялау – шығармашылық коммуникацияның заманауи тәсілі. Бұл көпшілік алдында өз ойын сауатты жеткізуге, цифрлық сауаттылығын арттыруға және өнердің әлеуметтік рөлін түсінуге бейімдейді.

Мозаикалық панноны таныстыру кезінде:

- жұмыстың тақырыбы мен идеясы;
- композициясы мен түстер шешімі;
- таңдалған материалдар және оларды қолдану тәсілдері;
- жұмыстың қандай көңіл күйді немесе мағынаны жеткізетіні туралы айту маңызды.

Цифрлық құралдар жұмыстарды ресімдеу және таныстыру үшін көмекші құрал ретінде қолданылады (фотосурет, бейне, цифрлық афиша). Оларды қолдану мұғалімнің ұсынысы бойынша және техникалық мүмкіндіктер болған жағдайда жүзеге асырылады.

Онлайн қорғау этикеті:

- басқа адамдардың жұмыстарына құрметпен қарау;
- өз пікіріңді дұрыс және әдепті түрде білдіру;
- басқа адамның суреттерін авторлық құқықты көрсетпей қолданбау;
- достық көңіл күй стилін сақтау.

ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫС

Көркем безендіру және мозаикалық панноның онлайн-презентациясы
(Мысал ретінде, төменде презентация үлгісі ұсынылған)

- Дайын мозаикалық панноны ұқыпты безендір.
- Жұмысқа оның тақырыбы мен идеясын көрсететін атау бер.
- Авторлық түсініктеме дайында (5–7 сөйлем), онда:
- жұмыстың идеясын түсіндір;
- қолданылған материалдар мен техникаларды көрсет;
- көрсеткің келген көңіл күйді сипатта.
- жұмыстың фотосын түсіріп немесе қысқаша бейнемазмұн жаса.
- жұмысты онлайн форматында таныстыр (мұғалімнің нұсқауы бойынша).

Ланч-қораптан мозаика панносын жасау

Жобаның тақырыбы мен мақсаты

Мақсатым: Қолжетімді материалды пайдаланып, мозаика техникасында экологиялық бағыттағы сәндік панно жасау.

Міндеттерім:

- Материалды өз бетінше таңдау
- Эко-дизайн тәсілін қолдану
- Шығармашылық ойымды бейнелеу





Идея мен материал таңдау

Мозаика өнері ежелден қалыптасқан көркемдік әдіс. Мен өз жұмысымда ланч-қораптың пенистирол материалын қолдандым. Бұл тәсіл экологиялық тұрғыдан тиімді және тұрмыстық қалдықтарды қайта пайдалану идеясын қолдайды.

Қолданылған материалдар

- Пенистирол ланч-қораптар
- Гуашь
- ПВА желімі
- Қайшы
- Пастель қағазы





Презентация сәтті деп есептеледі (жұмыстың презентациясына қойылатын критерийлер), егер:

- жұмыс ұқыпты және эстетикалық тұрғыда безендірілсе;
- атауы тақырыпқа сәйкес келсе;
- автор идеяны және материалдарды таңдауын нақты түсіндірсе;
- әсерлі көркемдік құралдар қолданылса;
- сұрақтарға жауаптар логикалық әрі түсінікті болса.

Мақсат	Іс-әрекеті	Нәтиже
Дайын жұмысты таныстыру	Мозаикалық панноны безендіріп, атауын таңдайды	Эстетикалық тұрғыдан аяқталған жұмыс
Көркемдік идеяны түсіндіру	Авторлық түсініктеме дайындайды	Идеяның саналы түсінігі
Онлайн форматты қолдану	Жұмыстың фотосын түсіріп немесе бейне-мазмұн	Панноның цифрлық нұсқасы
Жұмысты аудиторияға таныстыру	Жұмысты жариялап, таныстырады	Көпшілікке таныстыру дағдысы
Аудиториямен өзара әрекеттесу	Сұрақтарға жауап беріп, пікір қалдырады	Коммуникациялық дағдылар мен рефлексия

Презентацияға ұсынылған онлайн құралдар

Мақсат	Ұсынылған құрал
Постер немесе презентация жасау	Canva, Gamma AI
Дайын жұмыстың фотосын орналастыру	Google Диск, Padlet
Жұмыстың бейнемазмұнын жасау	YouTube
Шабыт табу және мысалдар іздеу	Pinterest
Жұмысты сабақта немесе онлайн көрсету	Zoom, Microsoft Teams



Авторлық түсініктемені пайдаланып, мозаикалық панноңды таныстыру үшін 1–2 минуттық ауызша сөйлеу дайында.



Бір-біріңнің жұмыстарыңды талқылап, әр жұмыстың күшті тұстарын және әсерлі элементтерін атап өтіп, қысқаша кері байланыс беріңдер.



Онлайн формат (мүмкіндік болса). Өз жұмыстарыңның фотосын немесе бейнемазмұнын таңдалған оқу платформасына орналастырып, сыныптастарыңның жұмыстарына, онлайн этикет ережелерін сақтай отырып, пікір қалдырыңдар.



1. Неліктен дайын жұмысты көркем безендіру және презентациялау қажет?
2. Мозаикалық панноны таныстыру кезінде қандай элементтерді ашып көрсету маңызды?
3. Онлайн форматында жұмысты таныстырудың қандай түрлері бар?
4. Жұмыстарды талқылау кезінде онлайн этикет ережелерін сақтау неге маңызды?
5. Цифрлық құралдар шығармашылық жұмысты таныстыруға қалай көмектеседі?
6. Көркем туындыны таныстыру кезінде қандай дағдылар дамиды?

МАЗМҰНЫ

I БӨЛІМ. СӘНДІК-ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕР

1. Мозаика өнері. Мозаика орындаудың түрлері мен техникалары	6
2–3. Мозаикалық панноға арналған негіз дайындау. Нобай және материалды таңдау	9
4–7. Мозаика панносын орындау	16
8. Көркемдеп безендіру жұмыстарымен таныстыру	22

II БӨЛІМ. ДИЗАЙН ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯ

(Қазақ халқының тұрмыстық заттары)

9. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен танысу	28
10. Қазақ халқының тұрмыстық заттарының орындалу техникасы мен материалдарын (торсық, дөңгелек үстел) зерделеу	32
11. Идеяларды талдау және нобайды орындау. Жұмысты жоспарлау	35
12–15. Материалдарды өңдеу. Бұйымды дайындау	39
16. Көрме ұйымдастыру және жұмысты қорғау	47

III БӨЛІМ. ДИЗАЙН ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯ

(Үстел ойыны)

17. Үстел ойыны. Шығу тарихы	52
18. Үстел ойынының тұжырымдамасы	57
19–20. Үстел ойынын дайындау. Графикалық құжаттама	61
21–24. Үстел ойынының бөлшектерін дайындау. Көркемдеп безендіру	67
25. Ойынды тестілеу. Сауалнама және ақпараттар жинау	75
26. Жұмысты қорғау	78

IV БӨЛІМ. ҮЙ МӘДЕНИЕТІ

27–29. Агротехнологияның дамуындағы ғылымның рөлі (өздігінен ізденіс зерттеулері)	84
30–32. Электрқұрылғылар мен тұрмыстық техникаларды таңдау және бағалау	89
33–34. Бөлменің жөндеу жұмыстарына арналған заманауи материалдар мен құрал-жабдықтар (тәжірибелік жұмыс)	93

Глоссарий	98
-----------------	----

Шығармашылық және технологиялық жұмыстарға арналған қауіпсіздік ережелері мен талаптар	103
Пайдаланған әдебиеттер	105